

## Ұлдар ұйымымен өткізілген жиналыс ақпараттамасы

Мақсаты: Ер балалар арасында зиянды әдеттердің алдын алу, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір сүру салтын насихаттау, өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру, отбасында да, қоғамдық ортадағы тәрбиеде де ер баланы еңбек етуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;
- ер балалардың азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- жауапкершілік пен еңбек сүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған ер баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Ата-бабамыз ұлды өздеріндей еңбек сүйгіш, жауынгер, әнші, күйші, аңшы, құсбегі — бес аспап азамат етіп тәрбиелеуді мақсат еткен. Жігіттің бойына өнер мен еңбекті, ізгі адамгершілік қасиеттерді қатар сіңірген. Ер баланы бес жасынан бастап ат жалын тартып азамат болғанға дейін мал бағу мен аң аулауға, отын шабуға, қора салуға, ағаштан, теріден, темірден түрлі тұрмысқа қажетті бұйымдар жасауға, яғни қолөнер шеберлігіне баулыған.

Отбасындағы ұл тәрбиесінде әке мен аталардың рөлі ерекше. Әке үй басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер-білімі — ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: "Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, өнегелі жерден шыққан ғой" деп мадақтайтыны сондықтан. "Әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз өседі", "Әке — бәйтерек, бала — жапырақ", "Жас – кәрінің көзі, кәрі — жастың тезі", "Ата — балаға сыншы" мақалдары да осы пікірді халықтың қуаттауынан туған.

11.11.2022 ж

1. 26.09.2022ж. күні ұлдар жиналысы өткізілді. Жиналыста ұлдардың тәртібі, сабаққа қатысы, мектеп формасы, қазақ отбасындағы ұл бала тәрбиесінің ерекшеліктері, қоғамдық ортада ұл бала өзін қалай ұстау керектігі жайлы айтылды.

Қатысқандар:Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Тітірбаева, мектеп психологы Ж.Ауанова, ұлдар ұйымының төрағасы А.Орунбаев, 9 – 11 сынып оқушылары, 9– 11 сынып жетекшілері.

2. 28.10.2022 ж. күні өткізілген ұлдар жиналысында ұл балалардың сабаққа қатысы, мектеп формасы, сабаққа кешігу жайында айтылды. Сонымен қатар ұлдардың сабақ уақытындағы, сабақтан тыс уақыттағы тәртібі, мектеп мүлкін ұстау тәртібі жөнінде де сөз қозғалды.

Қатысқандар:Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Тітірбаева, ұлдар ұйымының төрағасы А.Орунбаев, мектеп педагог – психологтары Ж.Ауанова, Ш.Мәздинова, 9 – 11 сынып оқушылары, 9 – 11 сынып жетекшілері.

3. 11.11.2022 ж. күні ұлдар жиналысы өткізілді. Жиналыста директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Тітірбаева оқушылардың үйірмемен қамтылу жөнінде сөз сөйледі.

Қатысқандар:Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Тітірбаева, ұлдар ұйымының төрағасы А.Орунбаев, мектеп педагог – психологтары Ж.Ауанова, С.Каримов, 9 – 11 сынып оқушылары, 9 – 11 сынып жетекшілері.